

«СӨЗДІК» ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫ ШЫҒАРУ ІСІНЕ ЖАҢА КӨЗҚАРАС

«Сөздік» ұғымына, оны шығару ісіне әр елдің тіл білімінде түрлі көзқарас қалыптасқан. Зерттеу мәселесі терминографияның когнитивті тұрғыдан зерттелуі барысында да негізге алынуы қажет. Терминография теориясының тәжірибесінде осы зерттеу бағытының когнитивті бағытта зерттелуі қажеттілігі осындай өзекті мәселелер шеңберінде қозғалып жүр[1]. Өйткені терминографияны зерттеуде сөздікті жасаушы мен қолданушы арасындағы байланыс анықтала түссе, бұл сөздікті жасаушының алдына қойылатын, әдістемелік тұрғыдан сөздік жасау ісінде бағдарлайтын

талаптарды анықтап бермек. Әдістемелік талаптардың анықталып, тұтынушының қажеттілігін өтей алатын терминографиялық, лексикографиялық еңбектердің жарық көруі сөздік сапасын өзге қырынан, қажеттілікті өтеу деңгейінен көруге мүмкіндік береді. Бұл мәселе «сөздік» еңбек ұғымының қоғамда қолданушылар арасында, сөздікті жасайтын лексикографтар мен терминографтар арасында дұрыс түсініктің, «сөздік» ұғымының мәртебесі жөнінде практикалық қолданыста және сөздік жасау ісінде маңызды қызмет атқаратын дұрыс түсініктің қалыптасуы мәселесі

тұрғысынан да маңызды және тығыз байланысты.

Аталған мәселелердің қозғалуы сөздік жасау, шығару ісіндегі туындап отырған өзекті мәселелермен, олардың қолданыс деңгейімен, сөздіктегі материалдарды қолдануға деген сенімділік деңгейінің төмендеуімен байланысты. Осы мәселелер ретіне, озық тәжірибелерде қалыптасқан түсініктерге тоқтала отырып, оларды жан-жақты талдап көрсету арқылы «сөздік» ұғымына, осы атпен шығарылатын еңбекке қойылатын талаптарға, сөздіктегі кемшіліктердің көбеюіне әкеліп отырған сыртқы қозғаушы күштер мен себептерге көз жеткізу теориялық жағынан да, практикалық жағынан да маңызды. Терминография мен лексикографияда көрсетілген, шешуді қажет ететін мәселелердің барлығын жоққа шығару да мүмкін емес. Оған ешқандай эксперимент немесе сауалнамасыз сөздікті пайдалану ісінде қоғамда қалыптасқан жағдай дәлел бола алады.

Өзекті мәселелер ретін талдауды «сөздік» ұғымына берілген анықтамалар мен пікірлерге тоқталудан бастаған орынды. Дегенмен, «сөздік» ұғымы қазақ лексикографиясының метатілдік ұғымдарын жан-жақты қарастырған ғалым М. Малбақовтың еңбегінде жан-жақты талданады [2, 23]. Дегенмен, сөздік ұғымының не білдіретін-дігін анықтай түсу мақсатында осы терминге берілген анықтамалар мен түсініктемелерге тоқталып өтейік.

Ғалым Б. Қалиұлы: «сөздік – белгілі бір тілдегі сөздердің (сөз тіркестерінің, идиомалардың) жиынтығын көрсететін анықтамалық еңбек», – деп көрсетеді [3, 354].

Қазақ тіл білімі терминдерін кеңінен қамтыған сөздіктердің бірі «Тіл білімі сөздігінде» аталған ұғымға «Сөздік ағыл. dictionary, фр. dictionnaire, нем. Worterbuch – 1. белгілі бір тәртіппен орналасқан лингвистикалық единицалардан тұратын және олардың мағынасын түсіндіретін анықтама кітап. С. әр түрлі типті болуы мүмкін: лингвистикалық С., политехникалық С., энциклопедиялық С. 2. Белгілі бір тілдің, диалектінің, қандай да бір әлеуметтік топтың және жеке жазушының лексикасы, сөздер жинағы. Мыс., Пушкин тілі С. Абай тілі С. Актив С. Пассив С. Қос тілдік С. [4, 344].

Немесе І. Кеңесбаев пен Т. Жанұзақов шығарған белгілі «Орысша – қазақша лингвистикалық терминдер сөздігінде»: «Словарь сөздік [анг. Vocabulary, нем. Wortschatz, фр. Vocabulaire]. Бір тілдегі барлық сөздердің алфавиттік тәртіпке түсірілген жинағы. Бұны тіл білімінде лексика деп те атайды. Сөздіктің түрлері: екі тілді сөздік, түсіндірме сөздік, шет тілдер сөздігі т.б.» [5, 151-

152].

Анықтамалардың барлығын бірдей «сөздік» ұғымының дефинициясы дей алмаймыз. Соған карамастан, сөздік қызметінің негізгі түрі – ақпараттарды қамту екендігіне көз жеткіземіз. Қандай ақпарат болмасын, тілдегі тілдік бірліктер немесе терминологиядағы терминдік бірліктер қамтылатын маңызды еңбек болып саналатын-дығы, ақпарат, білім беру, түсіндіру, аударма нұсқасын көрсету, жүйесін түсіндіру, омоформа-ларын қамту сияқты, тіпті, басқа салалардың, басқа тілдердің тілдік бірліктерімен, терминдері-мен қолданыстағы тілдік бірліктерді, терминдерді салыстыратын маңызды қызметтерді атқаратын-дығын аңғаруымызға болады.

Бұл қолданыстардан басқа сөздік ұғымын түсіне түсу үшін оның қызметтеріне тоқталу маңызды. Бұл арада сөздік ұғымына жан-жақты тоқталған бірден-бір еңбек ретінде М. Малбақовтың еңбегінде топтастырылған пікірлерді келтіре кетуге тура келеді. Еңбекте Ж. Мару-зоның «сөздік құрамды ретке келтіру мен жария ету, тілдік бірліктерді көрсету» деп, О.С. Ахма-нованың «лексиканың жүйелі сипаттамасын қамтитын кітап» деп көрсеткен қызметтері және сөздіктің ақпараттық, коммуникативтік, норма-тивтік қызметтерді атқаратындығы, ғалым Б. Қа-лиев сөздіктің атауыштық және есепке алушылық қызметтерін көрсеткендігі» келтіріледі [2, 24-25].

Ғалым М. Малбақов еңбегінде сонымен қатар сөздіктердің ақпараттық, коммуникативтік, нормативтік қызметтері көрсетіледі.

Сөздіктердің аталған еңбектерде көрсетілген қызметтеріне қосымша қазіргі қазақ тілінің, мәтіндердің, оның ішінде, ғылыми мәтіндердің аударма тілге айналып отырған жағдайында олардың тілдік бірліктер мен терминдердің аудармасын беруде негізгі құрал болып отырған қызметін көрсетуге болады. Қазіргі қазақ терминографиясындағы жұмыстар осы аударма-ны бере алу, бере алмау қызметі бойынша бағаланып, осы бағытта қолданыс тауып жүргендігі жасырын емес. Соған сәйкес қазіргі терминологиялық сөздіктердің басым бөлігі аударма сөздіктер ретінде жарық көруде.

Терминологиялық сөздіктердің негізгі қызметтерінің бірі ретінде терминдердің аударма-сы мен жазылу, қолданылу заңдылықтарын көрсетуде эталондық көрсеткіш ретінде қызмет атқаруы қажетті екендігін көрсетуге болады. Кез-келген қолданыс түрінде осы бағытта басшы-лыққа алынатын еңбек ретінде бағалануы, қызмет атқаруы және соған

сәйкес жасалуы тиісті.

Аталған еңбектердегі пікірлерді негізге ала отырып, терминографиялық жұмыстардың қандай қызметтерді жүзеге асыратындығын жинақы түрде тізіп көрсетуге болады:

- терминдерді қолданушыға жеткізуші;
- терминдерді реттеуші, жүйелеуші, үйлестіруші;
- терминдер туралы және онымен байланысты ақпараттарды беруші;
- коммуникативтік қызметі;
- нормативтік қызметі;
- атауыштық және есепке алушылық қызметтері;
- аудармасын беруші қызметі;
- айтылу, жазылу, қолданылу заңдылықтарының эталоны болу қызметі.

Осы қызметтердің негізінде «сөздіктің» қандай талаптарға жауап беретін еңбек болуы керектігін, «сөздік» қалай қабылданатын еңбек болуы керектігін, оны жасау ісіне қандай көзқа-распен, жауапкершілікпен келу қажеттілігін талдаудың қажеттілігі бар. Тіл білімінде сөз қазынасының көрсеткіші болып саналатын құнды еңбек ретінде бағаланады. Расында, сөздік тілдің байлығы болып табылатын – тілдік бірліктер мен терминдердің жиынтығын қамтып, кезеңнен кезеңге жеткізіп отыратын, әрі оларды сақтаушы кітап түріндегі құнды еңбек болып саналуы тиісті.

Қазіргі терминография мен сөздік ілімінің, жалпы ғылымдар саласы жеткен деңгей тұрғысынан қарасақ, «сөздік» – сөз заңы. Қоғамда қалыптасқан белгілі бір әрекет түрлері мен қатынастардың тәртібі, заңдылықтары құқықтық мәтіндер арқылы, заңдар мен нормативтік заңдылықтар, құжаттар, ережелер арқылы реттелетін болса, сөздің заңы – сөздік еңбек болып табылады. Бұл бағыттағы пікірлер мен көзқарастарды ешқандай жоққа шығаруға болмайды. Солай бола тұрса, қазіргі шығарылып жатқан сөздіктердің осы талаптарға жауап беру қызметі, сөз заңы ретінде, сөздің қолданысы мен жазылуының эталоны ретінде қызмет ете алуы арнайы тоқталуды қажет етеді. Бұл «сөздік» ұғымы туралы дұрыс түсінікті, сөздік шығару ісіне деген тиісті көзқарасты қалыптастыру, сөздік шығару ісін реттеу, қалыпқа түсіру, жауапкершілікті арттыру үшін қажет.

Сөздік сөз заңы ретінде бір елде негізге алынатын бір ғана нұсқада, сапалы деңгейде, қолданушылардың сұранысын қанағаттандыратын талаптарға сай шығарылуы керек. Олай болмаған

жағдайда «сөздік» өз атына сай жоғары-да аталған қызметтерін атқара алмай, еңбектердің атауына қойылатын талаптарға жауап бере алмай-ды. Сөздік еңбектердің сұраныс қажеттілігін қанағаттандыруына қойылатын қазіргі уақыттағы ең негізгі өлшем – терминнің қолданыста дау тудырмайтын, үлгі ретінде енгізуге келетін, тер-минологияның талаптарына сәйкес жасалған тер-миндердің нұсқаларын көрсетіп бере алуы. Қолданысы дау тудыратын, оның орнына басқа балама нұсқаларын ұсынуға болатын бір ғана терминнің қамтылуы жұмыстың «сөздік» атауына сай келмеуін туындатады.

Терминком қазіргі уақытта өз мүмкіндігінше сөздікті шығару ісімен айналысып отырғаны белгілі. Алайда, сөздік шығару ісі мен терминологиялық комиссия жұмысы арасында толық қара-ма-қайшылық байқалауда. Бұл қарама-қайшылық пен ретсіздікті терминком бекіткен терминдердің терминологиялық сөздіктерде қамтылмауымен түсіндіруге болады. Екінші жағынан, терминком терминдерді реттеумен, бекітумен айналысқан жағдайда, терминологиялық сөздіктерді шығару ісін де өз жұмыстарының нысанынан тыс қал-дырмауы тиісті. Бұл терминдерді бекітумен айналысатын мекеме үшін заңдылық болып қалыптасуы тиісті. Өкінішке қарай, қазіргі терминкомның жұмысында қолға алынбай отыр-ған бұл мәселе үлкен көлемдегі жұмыстарды атқаруға қатысты мүмкіншіліктің болмауымен, оның арғы жағында қаржы қажеттілігімен түсін-дірілуде. Қалай болғанда да, бұл мәселе мемле-кеттік деңгейде шешімін табуға тиісті, термино-логиялық сөздіктерді, сол арқылы қолданыстағы терминдерді реттеу ісін жүзеге асыруға ықпал ететін сыртқы негізгі қозғаушы күштер болып табылады.

Мысалы, Ресейде сөздік шығару ісіне үлкен жауапкершілікпен қарау үрдісі қалыптасқандық-тан, екі-үш автордың бірігуімен сөздік шығаруды дұрыс құбылыс деп есептемейді. Олай болған жағдайда да шығарылатын сөздіктің дайындалуы ұзақ мерзімді уақыт алатын үрдіс болып есепте-леді. Ондағы негізгі мақсат – сапаның тиісті деңгейде қамтамасыз етілуі, сөздік құрылы-мының талаптарға сай жоспарлануы, сөздікте қамтылатын тілдік бірліктер мен терминдердің толыққандылығы. Сондықтан мәселе екі-үш автордың немесе ұжымның шығарылуымен де шектелмеуі мүмкін. Осындай үрдіс қалыптасқан-дықтан да орыс терминографиясында бұл мәселенің проблемалық деңгейде көтерілуі ғылыми-практикалық еңбектерден көрініс тап-пайды.

Ғылым мен өндіріс салаларына қатысты терминологиялық сөздік толық көлемде, сенімді түрде негізге алуға болатын толық нұсқада шыға-рылған бір ғана нұсқасы болуға тиісті. Бұлай кесіп айту, оны қалыптасқан тұжырым ретінде қалыптастыру, терминография шығармашылығымен айналысқысы келетін мамандардың құ-қықтары мен шығармашылық мүмкіндіктерін шектеу де болып табылуы мүмкін. Біз бұл тұрғы-дан жекелеген авторлардың сөздік шығару ісімен айналыспауын да біржақты ұстаным ретінде ұсына алмаймыз. Соған қарамастан, бұл мәселені көтеру терминографиялық жұмыстарды шығару-дағы дұрыс түсінікті, «сөздік» ұғымы мен мәрте-бесі туралы қажетті көзқарасты қалыптастыру қажеттілігінен туындап отыр. Әсіресе, қазақ терминографиясының жағдайында бұл сұрақты арнайы мәселе ретінде қарастыруды қажет етіп отыр.

Бірақ осы мәселені шешуге ұмтылудың басқа да көздерін ұсыныс ретінде көрсеткен дұрыс. Біріншіден, бұл арада терминдерді реттеу мақса-тында, ақпарат беру мақсатында терминогра-фиялық мақсаттағы жұмыстар «сөздік» емес, бас-қа атауды иемденіп жарыққа шығарылғаны орын-ды. Өйткені олар шын мәнінде, ақпарат беру мақ-сатында, анықтамалық еңбек мақсатында шыға-рылып жатқаны анық. Қазіргі әр салаға қатысты шығарылып жатқан әр түрлі сөздіктердің шыға-рылуы шын мәнінде осындай сипатқа ие. Бұл – сөздік шығару ісінің психологиясын зерттеу барысында да көз жеткізуге болатын үрдіс.

Немесе, екіншіден, терминографиялық шы-ғармашылықпен айналысқысы келетін маман-дардың шығармашылық мүмкіндіктерін мемлекет тарапынан үйлестіріп пайдаланатын, реттеп отыратын тетік, болмаса мүмкіндіктер болуы тиісті. Бұл екі ұсыныс аталған мәселені шешуге ұсынылатын балама нұсқалар болып табылады.

Ал «сөздік» атымен жарыққа шыққан еңбек міндетті түрде орындауды қажет ететін мәрте-бедегі еңбек болып саналады. Мұны әлемдік сөздік шығару тәжірибесі, сөздік шығару ісінің адамзат ғылымында қалыптасқан түсінігі әлдеқа-шан дәлелдеп, оларды қолдану тәжірибесі нақты-лап берген. Ал біздегі «сөздік» атымен шыққан еңбектер анықтамалық, ақпарат беруші, жаңа-лықты жеткізуші мақсатта, тіпті жаңа жасалған терминдердің қолданысын эксперимент үшін қамтыған жұмыстар шығарылады да, атауына мазмұны мен мақсаты сай келмей жатады. Бұл үрдіс қазіргі уақытта сөздік еңбектерді қолдану-

шылардың сенімсіздігін, лексикографиялық, терминографиялық еңбектерді шығарудағы немқұ-райлықты тудырып отыр.

«Сөздік» еңбек ұғымының айналасындағы қалыптасқан мәселелер негізінде бір терминологиялық сөздікте жаңа эксперимент терминдердің берілуі, әр жақтан бір салаға қатысты бірнеше терминологиялық сөздіктің шығарылуы, әр терминологиялық сөздікте бір ұғымның түрлі нұс-қада аударылып берілуі сияқты проблемалар кездеседі. Мысалы, 1993 жылы Е. Исахановтың «Құрылыс терминдерінің орысша – қазақша сөздігі» жарық көрген болса, 31 томдық «Қазақша – орысша, орысша – қазақша терминологиялық сөздіктің» 9-томы сәулет және құрылыс сала-сына арналған. Екеуі де аударма мақсатындағы терминдер болып саналады. Немесе кезінде ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім ми-нистрлігі шығарған сериялық сөздіктердің бір томы ретінде әскери терминдер «Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Әскери іс» (2001) атты терминографиялық жұ-мыста қамтылса, ҚР Қорғаныс министрлігі шы-ғарған «Әскери терминдердің орысша – қазақша сөздігі» (2003) де осы сала терминдеріне арналған. Аталған салалардың қай сөздігін қолданыста басшылыққа алу қажеттілігі сала терминологиясына қатысты сөздікті қолданушылар үшін түсініксіз болып қалмақ.

Сонымен бірге, әр жерден шығарылып жат-қан сөздіктерді де кездестіруге болады. Мысалы, бір ғана Павлодар қаласынан профессор Т. Тоқтағановтың «Автомобилист терминдерінің орыс-ша – қазақша сөздігі» (2000) және профессор Т. Тоқтағановтың редакциясын басқаруымен «Машина жасау саласы терминдерінің орысша – қазақша сөздігі» (2002) жарық көрген. Сөздік-терде жасалған еңбекті жоққа шығаруға болмас, бірақ осы сияқты бір сала терминдері бірнеше қалалардан шығарылса, терминографиялық жұмыстарды қолданушылардың осы сөздіктердің қайсысын қолдану керектігі түсініксіз болмақ. Бұл сияқты әр қала, әр жерден шығарылып жататын сөздіктердің белгілісі өз алдына, белгісіз, көпшілікке таныс емес сөздіктерді түгендеп, талдап жасауға негіз етіп алудың мүмкіндігі де күрделі мәселе.

Қазақ терминографиясындағы талданып өткен мәселелер қазақ терминологиясының қазіргі жағдайымен, қазақ тілінде термин жасау, аудару үрдісінің басым бағыт алуымен де байла-нысты туындап отыр. Осы тұрғыдан қазақ тілінде жасалған

терминдердің барлығы бірдей қалып-тасып, қолданыста орнығып үлгермеген жағдайда терминологиялық сөздіктер құрылымында, сапасында осындай өзекті мәселелердің пайда болуы заңды да. Соған қарамастан, сол терминдердің де бірізге түсуіне, жүйеленуіне, қолданыс табуына ықпал ету мақсатында терминографиялық жұмыстарға, «сөздік» ұғымына, оны шығару ісіне дұрыс түсінік қалыптастырып, бар тұжырымдар мен сөздік жасау ісіне деген жауапкершілікті сақтап қалған да орынды.

ӘДЕБИЕТ

1. *Гринев С.В.* Введение в терминографию. 2-е изд.

перераб. и доп. М.: МПУ, 1995.

2. *Малбақов М.* Бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздері. Алматы: Ғылым, 2002.

3. *Қалиұлы Б.* Сөздік // Қазақ тілі (энциклопедия). Алматы, 1998.

4. Тіл білімі сөздігі. – Словарь по языкознанию. Алматы, 1998.

5. *Кеңесбаев І., Жанұзақов Т.* Орысша–қазақша лингвистикалық терминдер сөздігі. Алматы, 1966.